


Мұнай мен өрт:

стратегиялық нысандағы оқу-жаттығу

Шымкенттегі «Петро Қазақстан Ойл Продактс» компаниясы технологиялық мүмкіндіктерін жаңғыртып, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздік мәселелерін шешуге әрдайым басымдық береді.

Тағабай ҚАСЫМ
tkasym@shymkala.kz

Таяуда стратегиялық нысанда жүргізілген өртке қарсы таттикалық оқу-жаттығу да ойдағыдай өтті. Компания басшылығы, өрт сөндірушілер, газдан құтқару жасағы осылайша өз дайын-



«БІРЛЕСКЕН ЖАТТЫҒУДЫҢ ПАЙДАСЫ КӨП»

Шымкент қаласының төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мекемесінің бастығы, полковник Аманбек Бейсенбаев та мұндай бірлескен жаттығулардың пайдасы көп екенін айтады. Стратегиялық нысанда вагондарға жанармайды құю, тасымалдау аймағында өрт қауіптілігі жоғары.

– Зауытқа қарасты «Өрт сөндіруші» АҚ қызметкерлері, Шымкент қаласының өртке қарсы гарнизоны қызметкерлері бірлесе әрекет етті. Дайындықты байқап көрдік. Газдан құтқару, медициналық қызметкерлерге дер кезінде хабар беріліп, дер кезінде жетіп келді. Біздің қызметкерлер де өздеріне тиісті тапсырмаларды жетік меңгеріп, кәсіби шеберліктерін арттыра білді. Алдағы уақытта да осындай бірлескен оқу-жаттығу жиында-рын ұйымдастырып тұрамыз. Соның нәтижесінде жеке құрамның шеберліктері артып отырады, – деді Аманбек Алтынбекұлы.

Қазіргі таңда компанияның «Өрт сөндіруші» АҚ-да 130 қызметкер жұмыс істейді. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және экология департаментінің директоры Нұрлан Досымбековтың айтуынша, оқу-жаттығу сабақтары аяқталғаннан кейін барлық қызметтердің жұмысына және іс-қимылдарына талдау жасалады.

және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарының ішінде алғаш болып қолға алынған. Бұрын оқу-жаттығу ескі эстакадада өткізілетін. Жаңа қондырғы жұмысты оңтайландырып әрі экологияны жақсартуға септігін тигізеді. Бүгінде мұнай өнімдерін вагондарға жүктеу қауіпсіз ре-


ғы мақсат – өрт сөндіру мәселелерін бірлесе пысықтау, түрлі тәжірибелерді енгізу. Ықтимал төтенше жағдайларды болдырмау және жою бойынша ынтымақтастықты арттыру.

Оқу-жаттығу жиынында қызметкерлердің өз міндеттерін білуі, апатты жою кезіндегі практикалық іс-қимылдары сараланып, жедел жасақтардың әлеуеті тексерілді. Компанияның «Өрт сөндіруші» АҚ өрт сөндіру бөлімшелерінің және Шымкент қаласының өртке қарсы қызмет гарнизонының жасағы жоғары кәсіби шеберліктерін көрсетті. Вагонцистерналар жанған кезде көбікпен өрт сөндіру қондырғысы автоматты түрде іске қосылды, сондай-ақ, газдан құтқару жасағы күшімен зардап шегуші анықталып, ол төтенше жағдай аймағынан шығарылды, көмек көрсету үшін медициналық қызметке тапсырылды.

Жалпы тактикалық жаттығу алаңына «Өрт сөндіруші» АҚ №1 объектілік өрт сөндіру бөлімінен 3 автоцистерна және екі арнайы техника, Шымкент қаласының өртке қарсы қызмет гарнизонынан жеке құрам мен 3 техника, жалпы алғанда, 7 техника жұмылдырылды. Сондай-ақ, газдан құтқару жасағы, «Mediker» клиникасы қызметкерлері апат орнына уақтылы келіп, техниканы дұрыс орналастырып, жылдам әрекет ете білді.

жимде әрі күндіз-түні атқарылуда.

5 маусым күні ноу-хау жоба саналатын автоматты нүктелік құю эстакадасында өртке қарсы тактикалық оқу-жаттығу жоғары деңгейде өтті. Компанияның еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және экология департаментінің директоры Нұрлан Досымбековтың айтуынша, мұнда-



дықтардың тағы бір рет пысықталуына алды.

Жалпы, мұндай бірлескен тактикалық оқу-жаттығу жиындары жыл сайын өтіп тұрады. Бұл жолғы іс-шараның жөні бөлек. Зауыт басшылығы автоматтандырылған нүктелік май құю эстакадасын іске қосқанын. Жаңа құрылыс германиялық технология бойынша жұмыс істейді. Атырау

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа Жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті.

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізуде. Жүргізілетін іс-шараларды тиімді ету мақсатында мемлекеттік органдарында сыбайлас жемқорлыққа көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді және жүзеге асырылады. Жоспарланған іс-шараларды іске асыру қылмыстық шабуылдан азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдар мен қоғамның белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы сұрақтарына қатысты 20 мамыр күні өткізген кеңейтілген жиналыс барысында қарамағындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін бірінші басшылардың жауапкершілікке тартылу мәселесін ерекше атап өтті. Сондықтан осы кеңейтілген мәжілісте көтерілген өзекті мәселені түпкілікті шешу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді

алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат қайда болса, сол жерге тамыр жайып келе жатқан қауіпті кеселдің бірі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ.

Қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлердің, азаматтардың қызметіне қатер төндіретін дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – азаматтардың арыз-шағым, өтініштері. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен жергілікті атқарушы органдар Елбасы Жолдауында берілген тапсырмалардың, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті деп санайды. Қоғамды жегідей жейтін қауіпті індетпен баршамыз бір кісідей атсалысып, күресуіміз қажет.

М.АКИШЕВ,
Шымкент қаласы әкімі аппаратының
Әдеп жөніндегі уәкілі

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙҒА

АРТЫҚ ШЫҒЫС ЖҰМСА ПЕАН